

**Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге және (немесе)
Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге тыйым салынған
тауарлар тізбесінің 1.1-бөліміне өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 3 қазандағы № 113 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 46-бабына және Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың (көрсетілген Шартқа шартқа №7 қосымша) 4-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге тыйым салынған тауарлардың тізбесінің (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне №1 қосымша) 1.1-бөлімінде D тізіміндегі 2-позиция мынадай редакцияда жазылсын:

	8415 10
	8415 81 00
"2. Ауа баптағыштар және олардың сыртқы блоктары, жылу сорғылары	8415 82 000 0
	8415 90 000 9-дан
	8418 61 00
	8418 69 000-ден".

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Б. Сағынтаев